



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

04.12.2020-ғы № 282

Орал қаласы

город Уральск

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №210  
«Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысына  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» және 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі №210 «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысымен бекітілген Серіктестіктің жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Серіктестік) байқаушы кеңесінің құрамы бес жыл мерзімге келесідей құрамда белгіленіп, оның ережесі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін:

Токсанов Ерлан Виленұлы – шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық онкологиялық диспансер» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры, байқаушы кеңесінің төрағасы;

Иманғалиев Жанболат Гайнешұлы – шаруашылық жүргізу құқығындағы «Орал қаласының №4 емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының менеджері, байқаушы кеңесінің мүшесі;

Өмірбаев Актілек Армандыұлы - шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық кардиологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры, байқаушы кеңесінің мүшесі;

Серіков Тимур Мұратұлы – Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының мемлекет қатысатын заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы, байқаушы кеңесінің мүшесі;

Лямов Ғизатолла Темірұлы – Батыс Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, байқаушы кеңесінің мүшесі;

Сыздыкова Дина Мұсабекқызы – «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары, байқаушы кеңесінің хатшысы.

3. «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде заңдарда көрсетілген өзге де шараларды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А.Нұралиевқа жүктелсін.

**Облыс әкімі**

**Ғ. Есқалиев**



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

26.11.2020-ғы № 272 шығыс хатты  
26.11.2020-ғы № 4218 кіріс хатты

№ \_\_\_\_\_

Орал қаласы

город Уральск

**«Батыс Қазақстан облысының  
жоғары медициналық колледжі»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
жарғылық капиталындағы 100%  
мемлекеттің қатысу үлесін  
кейіннен сатып алу құқығымен  
сенімгерлік басқаруға беру туралы**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №17 «Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 қаңтарда № 10111 тіркелді) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облысының жоғары медициналық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы 100% мемлекеттің қатысу үлесі кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілсін.

2. «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» және «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А.Нұралиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Г. Есқалиев



ҚАУЛЫ

ПОСТАВЛЕНИЕ

2020 жылғы 21 қыркүйектегі

210

№

Орал қаласы

Орал қаласы

«Бағыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру  
туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарымен басшылыққа ала отырып, Бағыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бағыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз үлесімен «Бағыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулыға қосымшаларға сәйкес:

1) Серіктестіктің жарғысы;

2) Қайта ұйымдастырылатын кәсіпорынның өткізу актісі бекітілсін.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталы 1 130 464 244 (бір миллиард бір жүз отыз миллион төрт жүз алыс төрт мың екі жүз қырық төрт) теңге мөлшерінде бекітілсін.

4. «Бағыс Қазақстан облысының денемүлік сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Серіктестіктенгі мемлекет үлесіне иелік ету және пайдалану құқығы берілсін.

5. Серіктестіктің атқарушы органы заңнамада белгіленген тәртіппен Серіктестіктің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А.Нұралыева жүктелсін.

Облыс әкімі



С.Седәшев